



ГАЗДАНДЫРУ ЖАЛҒАСУДА

4-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



КЕДЕЙ ЕЛДІҢ КЕЛЕШЕГІ БҰЛЫҢҒЫР

6-БЕТ | ҚОҒАМ



ЖЫРАУЛЫҚ ДӘСТҮРДІҢ ЖАЛҒАСЫ

7-БЕТ | РУХАНИЯТ



№60
(4493)

Сейсенбі
23 мамыр
2023 жыл



ASTANA

ELORDA
AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y


1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ЕРТЕ ЖҮГІРГЕН ЕЛОРДА

Елдің төрі – елорда жылдан жылға бұқаралық спорттың да ордасына айналып келеді. Астанада өтетін марафон, триатлон, шаңғы және вело жарыстарына тек елімізден ғана емес, шетел спортшылары да қызығып қатысатын болды. Сондай іс-шараның бірі, жексенбі күні өткен Astana half-2023 марафонына еліміздің 16 өңірінен, сондай-ақ АҚШ, Ұлыбритания, Ресей, Польша және Украина елдерінен 2000 әуесқой жүгіруші қатысты.

8



«ХАЛЫҚ ЗАҢҒЕРІ» ШАРАСЫ ӨТЕДІ

26 мамыр күні еліміздің ірі қалаларында бір мезгілде «Халық заңгері» кең ауқымды республикалық акциясы өтеді.

Бұл – құқықтың барлық салаларындағы жетекші сарапшылар беретін тегін кеңестер. Кез келген адам сұрақ қоя алады. Шараға әкімдер мен мемлекеттік органдардың өкілдері де қатысады. Заңгерлер кеңес береді, ал мемлекеттік органдар азаматтарды қабылдайды. Азаматтарды қабылдау уақыты шектелмейді, барлық келушілерге толық қызмет көрсетіледі.

Шараны ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі, zakon.kz интернет-басылымы, «Параграф» ақпараттық жүйесі, мемлекеттік органдар, белгілі заңгерлер мен адвокаттар ұйымдастырып отыр.

Аталмыш акция енді жыл сайын және шағын қалалар мен аудан орталықтарында да өтетін болады.

Акция туралы қай қалада, қай жерде және қай уақытта өтетіні туралы толығырақ ақпаратты zakon.kz сайтынан білуге болады.

СУ ТҰТЫНУДЫ ҮНЕМДЕЙІК!

Астана қаласында тұрғындардың көбеюіне және жазғы құрылыс жұмыстарының қарқын алуына байланысты суға деген сұраныс күрт артып отыр. Осы жағдайға байланысты «Астана су арнасы» кәсіпорны қала тұрғындарына үндеу жасады.



3

Атап айтқанда, ауызсу өндіру бойынша жобалық қуаттылықтың шектелуіне байланысты 2023 жылдың 28 наурызынан бастап «Астана су арнасы» кәсіпорны су қысымын реттеу шараларын енгізуге және

оны босату кестесін белгілеуге мәжбүр болатынын хабарлайды. Орын алған жағдайға байланысты кәсіпорын қызметкерлері қала тұрғындарынан суды мейлінше үнемдеп тұтынуды сұрайды.

ЖАСТАР ЖӘРМЕҢКЕСІ

Бүгін елорданың «Жастар» сарайында жастарға арналған бос жұмыс орындарына арналған жәрмеңке ұйымдастырылады.

Жәрмеңке 24 мамырда сағат 10:00-де «Жастар сарайы» ғимаратында (Астана қаласы, Республика даңғылы, 34) басталады. Іс-шарада келушілерге жастар үшін микрокредиттер, жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шаралары туралы, оның ішінде «Жасыл ел» бағдарламасы бойынша ақпарат беріледі.

Толық ақпаратты мына телефон арқылы алуға болады: 8 700 956 98 10, 24-94-72.



ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 484.22 \$ USD/KZT 448.31 ₸ RUB/KZT 5.62 ¥ CNY/KZT 64.16

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанға мемлекеттік сапармен келген Сингапур Президенті Халима Якобпен келіссөздер жүргізді. Келіссөздер алдында «Ақорда» резиденциясында салтанатты қарсы алу рәсімі өтті. Құрмет қарауылының бастығы мемлекеттер басшыларына рапорт берді. Екі елдің мемлекеттік әнұрандары шырқалып, бірге суретке түскеннен кейін президенттер кеңейтілген форматта кездесу өткізу үшін залға қарай өтті.

Тараптар Қазақстан мен Сингапур арасындағы саяси диалогты нығайту, сауда-экономикалық ынтымақтастықты тереңдету және мәдени-гуманитарлық байланыстарды кеңейту мәселелеріне баса мән бере отырып, екі ел қатынастарының қазіргі жай-күйі мен перспективасын жан-жақты талқылады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Халима Якобқа ілтипат білдіре отырып, осындай күрделі кезеңде оның Сингапурды басқару ісіндегі көшбасшылық қызметіне жоғары баға берді. «Сингапур Президентінің Орталық Азия елдерінің арасында ең әуелі Қазақстанға келуі – біз үшін зор мәртебе. Сіздің Қазақстанға сапарыңыз – тарихи оқиға. Бұл сапар біздің өзара тиімді ынтымақтастығымыздың жаңа кезеңіне жол ашатынына сенімдімін. Қазақстан Сингапурмен арадағы қарым-қатынасты одан әрі нығайта түсуге ниетті» деді Мемлекет басшысы.

Биыл наурыз айында екі мемлекеттің бір-бірімен дипломатиялық қатынас орнатқанына 30 жыл толды. Президент осы кезеңде елдеріміз арасында өзара сенімді саяси диалог пен белсенді парламентарлық

байланыстар қалыптасқанын атап өтті.

Қазақстан мен Сингапур қатынастарында сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастық ерекше орын алады. Мемлекет басшысы бүгінде елімізде 140-тан астам сингапурлық компания мен бірлескен кәсіпорын жұмыс істеп жатқанына назар аударды. «Сингапурдың Қазақстан экономикасына құйған инвестициясының жалпы көлемі 1,4 миллиард доллардан асты. Экономикалық қиындықтар мен пандемияға қарамастан, былтыр өзара сауда-саттық көлемі 2 миллиард долларға жуықтады. Бұл өте жақсы нәтиже деп санаймын» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы екіжақты ынтымақтастықтың берік негізі қаланғанына тоқталды. Бұл орайда жақында құрылған Қазақстан – Сингапур іскерлік кеңесі маңызды рөл атқарады. «Сингапурға турист ретінде баратын азаматтарымызға қолдау көрсетеміз. Әрине, Сіздің елден келетін туристер мен бизнесмендерге біздің есіміз әрдайым ашық. Сондықтан Қазақстан Сіздің елмен тығыз қарым-қатынас жасауға дайын

екенін тағы да айтқым келеді» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өз кезегінде Халима Якоб мемлекеттік сапармен келуге шақырғаны, сондай-ақ өзіне және сингапурлық делегацияға қонақжайлық көрсеткені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты. Сингапур Президенті екі ел арасындағы саяси диалог пен өзара тиімді серіктестіктің деңгейін жоғары бағалады.

«Өте дұрыс айтасыз. Бұл – Сингапур Президентінің Қазақстанға, жалпы Орталық Азияға алғашқы сапары. Сондықтан бұл – өте маңызды сапар. Қазақстан – біз үшін Орталық Азия аймағындағы аса маңызды серіктес. Өйткені елімізді, шын мәнінде, аймақтағы көшбасшы ретінде танимыз. Бұл біз үшін өте маңызды әрі көп жылдан бері жақсы қарым-қатынас жасап келеміз. Бізді тығыз қарым-қатынасымыз ғана емес, ашықтық және беріктігіміз де байланыстырады. Бұл – Қазақстан үшін де, біз үшін де маңызды» деді Сингапур Президенті.

Сонымен қатар Назарбаев Университетінің Жоғары мемлекеттік саясат мектебі мен Ли Куан Ю атындағы мемлекеттік



саясат мектебі арасында стратегиялық серіктестікті одан әрі нығайту маңызды екені айтылды. Мемлекеттер басшылары экспорт мүмкіндіктерін кеңейту, еліміздің аумағында бірлескен кәсіпорындар ашу мәселелері туралы пікір алмасты. Атап айтқанда, Алматы маңындағы «G4City» агломерациясының құрылысына қатысты бірлескен инвестициялық жобаның жүзеге асырылу барысы, қаржы институттары арасындағы ынтымақтастықты кеңейту мәселелері талқыланды.

Сонымен қатар президенттер Транскаспий халықаралық көлік дәлізі мен «Бір жол – бір белдеу» бастамасын бір-бірімен сабақтастыру, сондай-ақ елдеріміз арасында тікелей әуе қатынасын ашу жөнінде өзара тиімді ынтымақтастық перспективаларын қарастырды. Бұдан бөлек, әңгімелесу барысында

халықаралық күн тәртібіндегі бірқатар өзекті мәселе, соның ішінде Қазақстан мен Сингапурдың көпжақты құрылымдар аясындағы қатынастары талқыланды.

Содан кейін мемлекет басшыларының қатысуымен екі елдің ресми делегация мүшелері мынадай құжаттарға қол қойды: Қазақстан Республикасы мен Сингапур Республикасы арасындағы қызметтер саудасы және инвестициялар туралы келісім; Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Сингапур Республикасының Үкіметі арасындағы Орталық Азия елдері (С5) мемлекеттік қызметшілері үшін әлеуетті арттыру бағдарламасы шеңберіндегі ынтымақтастық жөніндегі өзара түсіністік туралы меморандум; «Астана» халықаралық қаржы орталығы мен «Enterprise Singapore» арасындағы ынтымақтастық

туралы келісім; «QazTrade» сауда саясатын дамыту орталығы» АҚ мен «Enterprise Singapore» арасындағы өзара түсіністік туралы меморандум.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Сингапур Президенті Халима Якобқа I дәрежелі «Достық» орденін табыс етті. Марапаттау рәсімінде Мемлекет басшысы Сингапур Президентінің екіжақты қарым-қатынастарды нығайтуға және дамытуға қосқан елеулі үлесін атап өтті.

Өз кезегінде Сингапур Президенті Халима Якоб көрсеткен сый-құрметі үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтып, екі ел арасындағы көпжақты ынтымақтастықты дамытуға бар күш-жігерін жұмсайтынына сенім білдірді.

«Парыз» бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі конкурсына өтінімдер қабылдау жүріп жатыр. Бұл туралы елорда әкімдігінің ресми сайты хабарлады.

«ПАРЫЗ» БАЙҚАУЫНА ӨТІНІМ ҚАБЫЛДАЙДЫ

Конкурс «Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз» конкурсы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы № 523 Жарлығына сәйкес «Парыз» конкурсы туралы» бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі конкурстың құжаттарды қабылдау ашық деп жариялады.

Конкурс жыл сайын өңірлік және республикалық деңгейлерде екі кезеңде өткізіледі.

Конкурс лауреатының лауазымы екі санатта: шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі; ірі кәсіпкерлік субъектісі санаттары бойынша беріледі.

Конкурста «Үздік әлеу-

меттік жауапты кәсіпорын», «Үздік ұжымдық шарт», «Экологияға қосқан үлесі үшін», «Еңбекті қорғау саласындағы үздік кәсіпорын» номинациялары бойынша үздік кәсіпорындар анықталады.

Конкурсқа қатысу үшін үміткерлердің құжаттарын ұсыну мерзімі 2023 жылғы 31 шілдеге дейін. Конкурс туралы толық ақпаратты мына телефондар арқылы алуға болады: 55-68-84, 8-747-666-23-27 («Астана қаласының қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы» ММ). Мекенжайы: Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 9, 3-қабат, 328-кабинет, эл. мекенжайы: r.zhandosov@astana.kz.

ҚЫРҒАУЫЛДАР КӨБЕЙІП КЕЛЕДІ



Биыл елорданың жасыл белдеуінен табиғатқа 1 мыңнан астам қырғауыл жіберіледі. Бұл туралы Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында жазды.

«Коммуналдық қызметкерлердің өтініші ескеріліп, елордалық мәслихаттың VII шақырылым депутаттарының бастамасы бойынша, 2022 жылы екі өрт сөндіру машинасы «Астана орманы» ЖШС автопаркін толықтырды. Аумағы 15 мың гектардан асатын Астананың жасыл белдеуінің аумағында жаз кезінде өрт апаттары орын алады. Бүгін әріптестермен бірге табиғи резерват аумағын араладық» деп жазды мәслихат төрағасы.

Оның айтуынша, жасыл белдеу

аумағында көгалдандыру жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. «Биыл мұнда 500 мыңға жуық көшет, ағаштар мен бұталар отырғызылады. Сарапшылар отырғызылған көшеттердің 90 пайызының тамыр жаятынына сенімді. Елордамыздың жасыл белдеуінде жануарлар әлемін түрлендіру үшін қырғауылдардың саны көбейіп келеді. Жыл басынан бері 700-ге жуық қырғауыл табиғи ортаға босатылды. Биыл жалпы саны 1 мыңнан аса қырғауыл жіберіледі» деді Е.Каналимов.

АСТАНА ЛОГИСТИКАЛЫҚ ХАБЫ

Астанадағы логистикалық хаб 2 мыңнан астам жұмыс орнын құруға мүмкіндік берді. Бұл туралы Сауда және интеграция министрінің орынбасары Қайрат Төребаев мәлім етті.

«Астанада ресейлік Ozon компаниясының фулфимент орталығының құрылысы аяқталды. Логистикалық хаб қазақстандық кәсіпкерлерге

онлайн-бизнесті ұлғайтуға, бірінші кезекте интернет-тапсырыстарды өңдеуге, тауарды тұтынушыға дейін жеткізу мерзімін қысқар-

туға және өңірде 2 мыңнан астам жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді» деді Қ. Төребаев Орталық коммуникациялар қызметіндегі баспасөз мәслихатында.

Құзырлы министрлік өкілі бұгінде аталған алаңда шамамен 15 мың отандық сатушы тіркелгенін айтты. Өткен жылдың қорытын-

дысында олардың сауда-саттық көлемі 10 млрд теңгеден асып түскен. «Әлемдік алаңдармен ынтымақтастық шикізаттық емес экспортты ілгерілету, Қазақстаннан тауарлар жеткізу көлемін арттыру, сонымен қатар компанияларымызға қызығушылық тудыратын жаңа мүмкіндіктер ашу үшін түрткі болады. Осыған байланысты аталған бағыттағы қарқынды жұмыс жалғасады» деді министрдің орынбасары.

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Түркиядағы президент сайлауының екінші кезеңі аясында шет мемлекеттерде дауыс беру басталды.

Елдің Түркиядан тыс жерде тұратын азаматтары сенбіден бастап президенттік сайлаудың екінші турына дауыс бере бастады. Осыған орай әлемнің 73 елінде 167 сайлау учаскесі ашылды.

Түркияның шет мемлекеттердегі өкілдіктерінде дауыс беру мерзімі 24 мамырға дейін жалғасады.



Америка азаматы су астында 75 күн тіршілік етті.

Мұнда Джозеф Дитური есімді америка азаматы су астында орналасқан үйінде 75 күннен астам тіршілік етіп жатыр. Мақсаты – су астында 100 күн тұрып көру. Осылайша, ол 2014 жылы орнатылған 73 күндік рекордты жаңартпақ. Жобаны теңіз ресурсын дамыту қоры қаржыландырған. «Бұл эксперимент адам мен қоршаған орта арасындағы өзара байланысты зерттеуге көмектеседі» дейді мамандар.



Франция экология жобалары үшін салықты азайтады.

Бұл үшін жыл сайын жарты миллиард еуро бөлінеді. Үкімет осындай заң жобасын ұсынды. Бағдарлама өндіріс саласында экология тұрғысынан таза технологияларды жандандыруды көздейді. Сонымен бірге жел, күн электр стансаларына қаржы құйған бірлестіктердің 25-40 пайыз шығынын мемлекет өтейді. Билік бағдарлама 40 мың жұмыс орнын ашуға мүмкіндік беретінін айтады. Жоба 2025 жылға дейін жүзеге асып, кейін тағы 4 жылға созылады.

ЖАСТАРҒА – ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН НЕСИЕ

Астанада «Елорда жастары» ипотекалық тұрғын үй бағдарламасына өтінім қабылдау басталады.



«Елорда жастары» – қала әкімдігі мен «Отбасы банктің» бірлескен жобасы. Бұл бағдарлама жеңілдікпен несие алуға мүмкіндік береді. Оған жас мұғалімдер, дәрігерлер, журналистер, мәдениет саласының қызметкерлері, спортшылар, ЖОО ұстаздары мен ғылыми қызметкерлер, әлеуметтік сала мен коммуналдық қызмет қызметкерлері, Полиция департаменті мен Төтенше жағдайлар департаменті

қызметкерлері, сондай-ақ Астана қаласы бойынша тұрғын үй кезегінде тұрған жетім балалар қатыса алады.

Қарыз алушылардың жасы 35-тен аспауы тиіс.

Аталмыш бағдарламаны жүзеге асыруға Астана қаласы әкімдігі 1,5 млрд теңге, «Отбасы банк» 1,5 млрд теңге бөліп отыр. Бұл қаражатқа 200-ге жуық тұрғын баспаналы болады деп күтілуде.

Әлеуетті қарыз алушылардың тізімін жергілікті атқарушы билік қалыптастырады. Өтініштер qatysu.zhilfond.kz сайтында 2023 жылдың 30 мамыры сағат 9:00-ден бастап, 6 маусым сағат 23:59-ға дейін қабылданады. Авторизациядан өту үшін электронды цифрлық қолтаңба қажет.

Өтінімдерді қабылдау мерзімі аяқталған соң қатысушыларды іріктеу басталады. Үміткерлер пулы балдық жүйе бойынша қалыптасады, онда еңбек өтілі, өтініш берушінің 1, 2, 3-інші мүгедектік тобына жататын-жатпайтынын (ерлі-зайыптының немесе балаларының бірі) ескеріледі. Пул құрылғаннан кейін оның қатысушылары «Отбасы банкінен» несие алуға жолдама алады.

Банк бағдарлама қатысушысының төлем қабілеттілігін тексеріп, жылдық 5 пайызбен (ЖТСМ 5,2% бастап) жеңілдетілген несие береді. Алғашқы жарна – 10%. Елордалық жас тұрғындарға берілетін несиенің ең жоғары сомасы – 18 млн теңге, мерзімі – 25 жылға дейін. Оның көмегімен бастапқы немесе қайталама нарықтан, сондай-ақ «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» АҚ-тың кепілдемесімен үлестік қатысу шарты бойынша салынып жатқан үйден баспана сатып алуға болады.

ЖАҢА ҚОҒАМДЫҚ КЕҢІСТІК АШЫЛДЫ

Астана қаласының Алматы ауданындағы Кенен Әзірбаев көшесі, 10, 12 және 14 үйінің жанында жаңа қоғамдық кеңістік пайда болды.



Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша «Астана – жайлы қала» мастер-жоспары аясында қаланың барлық ауданы, әсіресе елордадан сыртқа қарай орналасқан тұрғын алаптар абаттандыратын болады. Осылайша, күтімсіз қалған учаскелер мен бос орындар саны айтарлықтай азайып, қала тұрғындары мен қонақтары бос уақытын жайлы және денсаулығына пайдалы түрде өткізе алатын жаңа тартымды орындар көптеп ашылууда.

Елордадағы жаңадан абаттандырылған кеңістікте ойын алаңдары, ойын және демалыс аймақтары, футбол

алаңы, өткеншекті бар шатырлар, орындықтар, сондай-ақ арнайы жабын орналасқан. Сонымен қатар, бүкіл абаттандырылған аумақта жаңа жарықтандыру пайда болды және 100-ге жуық түрлі ағаштар, атап айтсақ, жөке, тал-терек және бөртегүл отырғызылды.

– Біз үшін тұрғындардың үйінің жанында абаттандырылған саябақ немесе алаң болуы өте маңызды. Биыл біз тағы 4 қоғамдық кеңістікті абаттандыруды жоспарлап отырмыз. Жұмыс көп, бірақ біз бәрін орындаймыз! – деді Алматы ауданының әкімі Мақсат Саматұлы.

Жалпы, аудан аумағында 6 саябақ, 30 сквер және 36 қоғамдық кеңістік бар. Бүгінде олардың жалпы ауданы 60 гектарға жетті.

Соңғы жылдары Астанада жыл сайын 200-ден астам аула мен қоғамдық кеңістік: саябақтар, гүлзарлар, желек-жолдар абаттандырылуда. Мәселен, өткен жылы Бейбітшілік және келісім сарайы аумағында амфитеатр, қаланың оң жағалауында тағы бір жаяу жүргіншілер жолы, «Встреча» сауда үйі жанындағы қоғамдық кеңістік, «Бейбітшілік және келісім» саябағы, қалалық алаң жаңартылды.



СУ ТҰТЫНУДЫ ҮНЕМДЕЙІК!

Қалада халық санының тез өсуі мен құрылыс жұмыстарының қарқын алуынан суға деген сұраныс артып отыр. Осыған орай, «Астана су арнасы» МКК баспасөз қызметі ауысу өндіру бойынша жобалық қуаттылықтың шектелуіне тап болғанын мәлім етті.

2023 жылдың 28 наурызынан бастап кәсіпорын су қысымын реттеу шараларын енгізу және оны босату кестесін белгілеуге мәжбүр болды. Дегенмен, жеке секторларда суару маусымы басталғалы бері қалада ауысу тапшы. Осыған байланысты, тұрғындардың бір бөлігі өткен демалыс күндері сумен қамтамасыз етуге белгілі бір деңгейде шектеулерді сезінді. Бұл ретте коммуналдық мекеме жеке сектордың барлық тұрғынынан суды бау-бақшаларын суару үшін тек қатаң белгіленген уақытта, яғни 23:00-ден 06:00-ге дейін пайдалануды сұрайды. Егер бұл мүмкін болмаса, техникалық суды төмендегі мекенжайлардан:

1. КТС, Қорғалжын тас жолы, 47;
2. Көктал, 1 көшесі, «Тұлпар» ат клубының ауданы;
3. Алаш тас жолы, КСС-28 автомагистралы;
4. Жансүгіров, 7;
5. Ғ.Мұстафин мен Қобыланды батыр көшелерінің қиылысынан сатып алуға болады.

«Белгіленген кестеге қарамастан,

қаланың көптеген үйлерінде су қысымы қалыпты жағдайға сәйкес келеді және тек кейбір тұрғын үй кешендері ғана төмен режимде екені байқалды. Мұндай жағдайда біз қызмет көрсететін компанияға хабарласып, оңтайлы қысымды орнату үшін сорғыларды қайта баптауға тырысуларыңызды сұраймыз. Осы жағдайды ескере отырып, әсіресе демалыс күндері сантехникалық жүйеге жүктемені азайту үшін жұмыс күндері тұрмыстық жұмыстарды жоспарлауды ұсынамыз. Маңыздысы, бұл уақытта шаралар жаңа сорғы-сүзгі станциясы (ССС) іске қосылғанға дейін қолданылады. Ауысу станциясының құрылысы 2021 жылдың күзінде басталды және оның қуаты тәулігіне 105 мың текше метр суды құрайды» делінген хабарламада.

Бұл бүкіл қала үшін сумен жабдықтауды едәуір арттыруға, сол арқылы қаланы сумен жабдықтау мәселесін толығымен шешуге мүмкіндік береді. Осы жылдың жазында жаңа СССР құрылысын аяқтау жоспарланып отыр.

АСТАНА ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА! ҚҰРМЕТТІ ЕЛОРДА ТҰРҒЫНДАРЫ!

Астана қаласының мәслихаты 2023 жылғы маусымның екінші онкүндігінде «Астана қаласында мемлекеттік-жекешелік әріптестікті іске асыру нәтижелері» тақырыбында жария тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жария тыңдаулардың қарауына енгізілген мәселе бойынша ескертулеріңіз бен ұсыныстарыңызды

Астана қаласы мәслихатының аппаратына 55-66-37, 55-66-31 телефондары және astana@maslihat01.kz электрондық поштасы арқылы жолдауларыңызды сұраймыз.

Е.КАНАЛИМОВ,
Астана қаласы
мәслихатының төрағасы

ҰШУ КЕСТЕЛЕРІНЕ ӨЗГЕРІС ЕНГІЗІЛДІ

Астана әуежайындағы жөндеу жұмыстарына байланысты Air Astana компаниясы 19 рейстің ұшу кестесін өзгертті.



«Астана әуежайының ұшып-қону жолағын жөндеу туралы 2023 жылғы 19 мамырдағы хабарламасына сәйкес, Air Astana аивкомпаниясы 24, 31 мамырға және 7 маусымға (13:20-дан 17:20-ға дейін) жоспарланған рейстер кестесіне өзгеріс енгізуге мәжбүр. Жалпы алғанда, өзгерістер 19 ішкі рейске әсер етеді. Сондай-ақ 2023 жылғы 15 шілде мен 8 тамыз

аралығында Астана әуежайында жоспарлы жөндеу жұмыстары болатыны туралы естеріңізге саламыз» делінген хабарламада. Рейстер мәртебесін <https://airastana.com/kaz/kk-kz> (Ақпарат/Әуежайда/Рейс-статусы) сайтында көруге болады. Ал билетті қайтару және қайта брондау мәселелері бойынша <https://help.airastana.com> хабарласуларыңызға болады.

ВЕЛОСИПЕДТЕР ТІРКЕЛЕ БАСТАДЫ

Екі апта бұрын елордада алғаш рет велосипедтер мен олардың иелеріне арналған тіркеу базасы іске қосылған болатын. Бұл жобаны скутерлерге де қолдану жоспарлануда.

– Астана полиция департаменті мен тұрақты даму орталығы велосипедтің нақты тұлғаға тиесілігін растауға мүмкіндік беретін бірыңғай электрондық базаны әзірледі. Онда велосипед иесі, тұрғылықты мекенжайы және ұялы телефон туралы

мәліметтер, сондай-ақ оның сериялық нөмірі және сыртқы белгілері-велосипедтің сипаттамалары енгізіледі. Осы базаны әзірлеу кезінде біз шетелдік тәжірибені ескердік. Мысалы, Ұлыбританияда мұндай база 2004 жылдан бері бар, ал тіркелген

велосипедтердің саны 1 миллионнан асты, оның көмегімен 12 мыңнан астам велосипед ұрлығы анықталды, – деді Астана қаласы Полиция департаменті жергілікті полиция басқармасының басшысы Арман Айтмағамбетова.

Базаның көмегімен ұрлықтың алдын алу және ұрланған велосипедтерді жедел табу жоспарлануда. Сонымен қатар, егер жоба өзінің тиімділігін көрсетсе, ол скутерлерге де қолданылады.

БҰҰ пластиктің зиянын азайту мәселесін көтерді.

Әлем елдері алдағы 20 жыл ішінде қоршаған ортаның пластикпен ластану деңгейін 80 пайызға дейін азайта алады. Ол үшін пластикті қайта қолдану, өңдеу және баламалы материалдарды пайдалануға ден қою керек. Мамандар қазбалы отындарды субсидиялауды тоқтатуға кеңес береді. Сонда пластмасадан жасалған бұйымдардың өндірісі қымбаттайды. Осы ұсыныс іске асса, қоршаған ортаның ластануын азайтып қана қоймай, 700 мың жаңа жұмыс орнын құруға болатынын айтады.

Бейжің метросында жолақыны алақан арқылы төлеу жобасы іске қосылды.

Жолаушылар енді жол жүру картасын басып немесе QR-кодты сканерлеп әуре болмайды. Ол үшін вокзалдағы билет автоматы арқылы алақаны туралы биометриялық ақпаратты енгізіп, танымал қытайлық WeChat мессенджерінде авторизациядан өту керек. Шығу кезінде төлем автоматты түрде есептен шығарылады. Жаңа технология жолаушыларға қолма-қол ақшасы жоқ және смартфондарының қуаты таусылған кезде де метроны пайдалануға мүмкіндік береді.



№60 (4493) 23/05/2023 Сейсенбі

Райхан
РАХМЕТОВА

Келушілерді қарсы алған аурухана директоры Нұрбол Тұрсынбаев емдеу мекемесіне енгізіліп жатқан өзге де жаңашылдықтармен таныстырды. Ол атап айтқан 3 бағыттағы жұмыстардың бәрі пациентке бағдарлану аясында жүзеге асырылып отыр. Біріншісі, пациенттерге бір қадам жақындық – оларды қолдау қызметі, электрондық кезекті енгізу, пациенттерді жоспарлы госпитализациялау алгоритмі бойынша жұмыс істейтін фронт-кеңсенің ашылуы.

– Мемлекет басшысы айтқан концепцияға сәйкес «Еститін мемлекет» қағидаты бойынша біз бұл фронт-кеңсені кіреберіске, яғни халық көп жиналатын, отыратын жерге қойдық. Өйткені көп мекемелерде бұл қызметтің адамдары 2-3 қабатта орналасады. Бұл өте ыңғайсыз, халық содан қайда арыздану керектігін білмейді. Медициналық қызмет сапасын арттыруға байланысты халықтың өтініш-шағымы жылдан жылға көбейіп келеді. Осыған орай пациенттерді қолдау қызметін жаңаша форматта жетілдіруді қолға алдық, – деді Денсаулық сақтау министрлігі медициналық және фармацевтикалық бақылау департаментінің басшысы Дархан Тұрлыбеков. Жақын арада жаңа жүйе арқылы онлайн режимде бос төсек-орын санын көре алатын мүмкіндік туады, бұл қызмет аурухана сайтында да қолжетімді болмақ. Мұнда тәулігіне 24 сағат тынымсыз жұмыс істейтін call-орталық бар, оған күн сайын 500-ден астам өтініш-шағымдар түседі.

Екінші, жаңа қабылдау-диагностикалық бөлімшесін салу жоспары таныстырылды. Бұл бөлімше Қабылдау хаби рөлін

Сұлтан СЕЙІТ



ЖАҢА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР

Бүгінде елімізде барлық салада цифрландыру ісі қарқынды жүргізілуде. Елорданың қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының алдына қойған маңызды міндеттерінің бірі де осы – медициналық қызметтерді сандық технологияға көшіру. Соның бір көрінісі ретінде Астанада алғаш рет №2 көпбейінді қалалық ауруханада жаңа госпитальдық фармацевтика бөлімшесі ашылды. Жаңа инновациялық бөлімшенің ашылу салтанатына ведомстволық министрлік өкілдері, басқарма басшылары, аталған аурухана дәрігерлері қатысты.

атқарады және мекеменің екі бірдей ғимаратын, яғни Акушерлік және Клиникалық блоктарды біріктіреді. Осы екі блоқтың ортасына салынатын жаңа бөлімше ғимаратының құрылысы биыл III тоқсанда басталып, 13 айдан соң келесі жылы сол уақытта аяқталады деп жоспарлануда. Жаңа кешенің ең астыңғы бөлігі барлық аурулар бойынша диагностика

жүргізетін жабдықтармен толықтырылады. Мұнда травматологиялық пункт ашу да көзделуде.

Үшіншісі – госпитальдық фармацевтика бөлімшесінің ашылуы. Жоба әлемдік тәжірибеде кең қолданыста әрі халықаралық талаптардың бірі болып саналады. Қазір қала бойынша жұмыс істеп тұрған 9 аурухананың ішінде осы емдеу мекемесінде алғаш рет жүзеге асырылған

жаңа жобаны алдағы уақытта көпбейінді ауруханалардың барлығына енгізу жоспарда тұр. Астана қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Тимур Мұратов пен аталған аурухана директорының кеңесшісі, медицина ғылымының докторы, профессор Жақсылық Досқалиев жаңа бөлімшенің ашылуына орай лентасын қиды.

– Міне, бүгін ауруханада науқастарға көмек көрсету сапасын арттыруға бағытталған жұмыстар нәтижесіне куә болдыңыздар. Аурухананың клиникалық бөліміндегі пациенттерді қолдау бойынша фронт-кеңсесінде науқас адамның туыстары келіп, сол жерден науқас туралы толық ақпарат алып, дәрігермен хабарласуына болады. Одан бөлек, ауруханада енгізілген цифрлық шешімдер пациенттер үшін де тиімді, медициналық персонал қызметін жеңілдетуге де септік етеді. Жаңадан ашылған бөлімше жұмысы толық цифрландырылған. Науқасқа берілетін дәрі-дәрмек мөлшері автоматты түрде қадағаланып отырады. Бөлімшенің бірегей тұсы – дәрі-дәрмекті ысырап қылмай, артық шығынның алдын алу. Сондай-ақ қате дәрі-дәрмек



тағайындау қаупі әжептәуір азаяды. Алдын ала есептеулер бойынша жоба жылына 400 млн теңгеге дейін бюджет қаражатын үнемдеуге мүмкіндік береді, – деді басқарма басшысы. Жобаның негізгі міндеті – дәрігерлердің тағайындауы бойынша медициналық препараттарды уақытылы және сапалы дайындау, оларды медициналық ұйымның клиникалық және пара-клиникалық бөлімшелеріне жеткізу.

– Дәрілік препараттарды клиникалық фармаколог әр науқасқа оның жасы, салмағы, қарсы көрсеткіштері, тәуліктік дозасы және өзге де өлшемдер бойынша тағайындайды. Бұл жобаны іске асыру кезінде біздің клиникада бұған дейін жүзеге асырылған Ақгюн ақпараттық жүйесінің дайындығы маңызды рөл атқарды, – деп атап өтті аурухананың бас дәрігері Нұрбол Тұрсынбаев.

Бөлімшеде үздіксіз қызметте отыратын клиникалық фармакологтар электронды түрдегі барлық дәрігер тағайындауларын тексереді. Электронды жүйеге келіп түскен дәрігер тағайындауы шұғыл түріне жатса, дәрілер 15 минутта дайындалып, беріледі, ал жоспарлы тағайындау бойынша 30 минутта тиісті дәрі әзірленіп, пациентке жөнелтіледі. Жалпы жаңа жүйе арқылы бәрі айқын, дәрілерді қолдануда үнемділікке қол жеткізіледі, сыйбас жемқорлыққа жол берілмейді.

Аурухананың басты ерекшелігі – мұнда тек астаналықтар, тіпті қазақстандықтар ғана емес, шетелдіктердің де келіп ем алуында. Әсіресе, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан елдерінің азаматтары емделуге көп келеді екен. Сондықтан медициналық туризмді қарқынды дамытып отырған аурухананың осылайша заманауи технологиялармен жабдықталуы заңды.

Емдеу мекемесіндегі инновациялық жаңашыл жұмыстардың

бәрі «Ақгюн» компаниясының қолдауымен ауруханамен бірлесіп жүзеге асырылады. Осы компанияның тағы бір «Алақан» деген бағдарламасы аурухананың турникет орнатылған кіреберістеріне енгізілген. Оның ерекшелігі – ғимаратқа кіріп-шыққан сайын турникеттегі арнайы орынға алақаның қойған әрбір қызметкердің бүкіл деректері сол жерде қабырғада ілініп тұрған экранға шығатыны, яғни қызметкердің қай уақытта келіп, кеткенінен бөлек, суреті, кім болып қызмет істейтіні де жазылып тұрады. «Ақгюн» компаниясының Орта Азия өңірі бойынша өкілдігі Жұлдыз Дахымбаеваның айтуынша, алдағы уақытта осы бағдарлама аясында тек аурухананың медициналық персоналының ғана емес, сонымен бірге әрбір келуші пациенттер, тұрғындардың да дерегін енгізу көзделуде.



ГАЗДАНДЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖАЛҒАСУДА

Алдағы жылы 300 мыңға жуық астаналық газбен қамтамасыз етілетін болады. Бұл туралы қалалық Коммуникациялар қызметінің алаңында өткен баспасөз мәслихатында Астана қаласы Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы отын-энергетикалық ресурстар бөлімінің басшысы Мақсат Есмағұлов мәлімдеді.

Елорданы газдандыру үш кезекке бөлінген. Тұрғын үйлерді газға қосудың бірінші кезектің бір бөлігі, сондай-ақ ішінара екінші кезектің жұмысы 2021 жылдың соңында толығымен аяқталды. Газдандырудың екінші және үшінші кезектерінің қалған бөліктерін республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен салу жоспарланған болатын.

– Қалада жалпы жеке сектордағы тұрғын үй алаптарында 20 мың үй бар. Газға 200 мыңға жуық тұрғыны бар 14 мың абонент қол жеткізді. Бүгінгі күнге дейін қаланың Көктал-1 және Агроталашық, Железнодорожный, Промышленный тұрғын алаптары

мен оңтүстік-шығыс ауданының оң және сол жағы, Күйгенжар, Мичурин, Интернациональный, сондай-ақ Потанин, Мәскеу көшелерінің аудандары және Нұр-Бесік, Ақбидай, Қазақ ауылы шағын аудандары толығымен газдандырылды, – деді бөлім басшысы.

Газға 8205 жеке тұтынушы, 1 газоблокты бұйымдар шығаратын зауыт, сондай-ақ 8 көппәтерлі тұрғын үй қосылған.

Газ желілеріне қосылу құнын төмендету мақсатында әкімдік тұрғындарға көмектесуде. Мысалы, халықтың әлеуметтік осал топтары үшін, атап айтсақ, жасы бойынша зейнеткерлерге, мүмкіндігі шектеулі ересектер



мен ерекше қажеттілігі бар және көпбалалы отбасыларға жеңілдіктер қарастырылған. «Халық Банкімен» азаматтардың газға қосылуы үшін несие беру туралы келісімге қол қойылды. Осылайша, жыл сайынғы инфляция-

ны ескере отырып, қала тұрғындары үйлеріне өте арзан бағаға газ өткізе алады. Сондай-ақ құны 100 мың теңгеден 160 мың теңгеге дейін тұратын газды есепке алу аспаптары халыққа тегін таратылуда.

БІР ШЫРАҚПЕН МЫҢ ШЫРАҚ ЖАҚҚАН...

Қазіргі ұлт педагогикасының алдында тұрған міндет – ұлт құндылықтарымен қаныққан, жауапты, еңбекқор, белсенді, отаншыл және өзіндік азаматтық ұстанымға ие ұрпақты тәрбиелеу. Жаңартылған білім мазмұнына енгізілетін өзгерістердің мәні құндылықтарға бағдарланған оқыту тәсілін қолдануды көздейді. Бұл – стандарттарда көрсетілген ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды білім алушылардың бойына дарытуды іске асыру. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысының деңгейін арттыру және тәрбие процесін ұйымдастырудың заманауи тәсілдерін пайдалану мақсатында жуырда елордада ерекше форматтағы педагогикалық кеңес өтті.

Гүлшат
САПАРҚЫЗЫ

– Бұл – жаңа жоба. Өздеріңіз байқағандай, еркін форматта өтеді. Педагогикалық кеңесте ұстаздар тек атқарылған жұмыстар бойынша есепті тыңдамай қажет. Спикерлерді де арнайы іріктеп алдық. Олар білім беру ұйымдарының өкілдеріне мотивациялық әрі тәрбиелік тұрғыда бала тәрбиесіне қатысты маңызды ақпараттарымен бөлісті. Бәрімізге белгілі, балаға әуелі тәрбие беру керек. Одан кейін білім беру қажет. Бүгін 200-ден астам ата-ана, 600-ден астам сынып жетекші, 200-ден астам білім беру ұйымдарының басшысы, 200-ден астам мектеп директорының орынбасары және мектеп психологтары мен әлеуметтік педагогтар қатысты, – деді Астана қаласы Әдістемелік орталығының басшысы Сындыр Дәуешова.

Педагогикалық кеңесте Білім басқармасының, әлеуметтік әріптестер, білім беру ұйымдары мен ата-аналар бірлестігінен барлығы 1500 адам қатысты.

Қатысушылар баланың рухани-адамгершілік құндылықтарын тәрбиелеудегі отбасының ролі, мектеп пен отбасының өзара іс-қимылы туралы сұрақтарды талқылады. Педагогикалық кеңес аясында 9 әдістемелік алаң жұмыс істеді.

Педагогикалық кеңестегі ерекше спикер Қ.Сәтбаев атындағы «Vinom school» мектеп-лицейінің директоры Құралай Байтажикова өз өмірінен ерекше тәрбие боларлық мысал келтірді.

«Маған осы кеңесте сөз сөйлеу ұсынғанда ұзақ ойландым: 32 жыл мектепте мұғалім болдым, бұл саладан көп кейісті айтуыма әбден болады немесе осы 32 жылдың 13 жылында мен мектепте директор болып, бір-біріне ұқсамайтын үш түрлі білім ұжымының жауапкершілігін арқаладым – бұл жөнінен де көп кейіс айта аламын. Сондай-ақ 2 баланың анасы ретінде де көп нәрсе айтуға болар еді, бірақ мен ойлана-ойлана мынадай тоқтамға келдім: егер педагог ретінде сөйлесем, мынадай кәсіби білігі жоғары аудиторияның өз жиган-тергені өте көп болар деп ойладым. Ал мектеп директоры ретінде сөйлесем, басшының «тәжін» киіп алып, ешкімге сөз бермей, тоқтауым да қиын болатын еді... Ал ата-ана ретіндегі ықпалымды менің өз балаларым ғана артық айтып бере алады деген ойға келдім. Сонымен, ойланып жүргенде үстелімнің үстінде үнемі тұратын Джон Хэтти деген австралиялық жазушының кітабына көзім түсті. Джон Хэтти 15 жыл бойы бір ғана сұраққа зерттеу жүргізеді, ол – оқушылардың білім сапасына қандай факторлар әсер етеді деген сұрақ. 80 миллион оқушыға 50 мыңнан астам зерттеу еңбегін жүргізеді. Сөйтіп білім сапасына әсер ететін 215 факторды анықтайды. 215 фактор! Ойлаудың өзі қорқынышты! Әр фактордың ықпал ету өлшемін ойлап шығарады. Кластағы бала санының білім сапасына әсері қандай, мұғалімнің әсері ше – бәрін тыңғылықты зерттейді. Оқушының білім алуына отбасы әсер ете ме, мұғалімнің шешімі не басқа стратегиялық мәселелер әсер ете ме – арнайы



зерттеулер жүргізеді. Сөйтіп 215 факторды 6 ықпал ету факторына біріктіріп тастайды. Ең маңыздысы – ұстаздың тұлғасы. Бұл факторлардың ішіндегі ең маңызды екенін анықтайды. Сондықтан да мен бүгін мұғалім ретінде емес, директор, я ата-ана ретінде де емес, 7 жасар Құралай болып алдарыңызда сөйлегелі тұрмын. Маған бала кезімнен әсер еткен факторларды, болашағыма ұстаздың ықпалы туралы айрықша айтқым келді.



Оқушының бастапқы білімі қандай болса да, ұстаз оған көмектесуге ниет білдірсе, сонда ғана жұмыс нәтижелі болмақ

7 жастағы Құралай қандай еді, оған мұғалімдер қалай ықпал етті – қазір алдарыңызда мектепті «алтын медальмен» бітірген, оқу орнын үздік оқыған, кәсіби менгерген, өзіне сенімді, өз көзқарасы айқын Құралай тұрғанын көріп тұрсыздар. Ал мектеп табалдырығын аттағанда өзіне сенімсіз, алғашқы қадамдары сәтсіз басталған Құралай болғанын айтуымыз қажет. Сол өзіне сенімсіздеу Құралайдың осал тұстарын, кемшіліктерін батыл бетіне айта алатын, сәтсіздіктерінен сабақ алуға тырысатын Құралай бүгін алдарыңызда тұр. Мен қандай бала болдым – балабақша секілді әлеуметтік институттың табалдырығын өмірі аттап көрмеген, тәрбиені атаулымен таныс емес, тек ата мен әжеңіз бауырында өскен, басқа сырт адамның тәрбиесін көрмеген ауылдың қарапайым қызы болдым. Жеті жарым жасымда әке-шешем қаладағы мектепке әкелді, содан менде дүрбелең басталды, артқы партада отырып алып, қасыма еш жанды жолатпаймын, ешкіммен араласпаймын. Содан үлгерімім өте нашар, күнде «екі»

алып келемін, баға қойылған дәптерді кілемнің астына тығамын да, күнде жаңа дәптер бастаймын. Сонымен, бірінші тоқсан бітті, сол кезде класқа басқа мұғалім келді. Жүзінен мейірім шашқан жақсы мұғалім Гүлжаһан апай (ол кісімен әлі күнге дейін араласамын – Қ.Б.) мені сабақтан соң алып қалды да: «Құралай, сен кімді көбірек жақсы көресің, әкеңді ме, анаңды ма, жоқ ата-әжеңді ме?» деп сұрады. «Жақсы болу, оқу деген дәптерді, күнделікті «екіге» толтыра беру немесе сол баға қойған жерді тесіп тастау емес қой, мен сенемін, сен «бес» ала аласың, оған қабілетің жетеді» деді. Жалғыз мен ғана емес, мен сияқты оқуға ықыласы жоқ «проблемный» балаларды уақыт тауып, жеке-жеке қабылдап, сөйлесіп жүрді. Күнделікті сабағымды қадағалап, тапсырмаларды уақытында орындауға қанаттандырып апайымның арқасында мен 1-сыныпты үздік аяқтадым. Мектепті де үздік бағалармен бітірдім. Оқушыға мұғалімнің әсері қандай десеңізші, міне, осылай ықпал етеді.

Джон Хэтти білім сапасының артуына оқушыға мұғалімнің берген зор сенімі, қолдауы ықпал етті дейді. Оқушының бастапқы деңгейіне, қандай жағдайда алдына келгеніне қарамай, оған сенім ұялатып, қолдауының арқасында осындай зор нәтижеге қол жетті. Мысалы, басында мен қаламсапты да дұрыс ұстай алмадым, жазуым да нашар болды – сонда да маған сенім артып, қолтығымынан демеді, ал мен оның маған артық сенімін ақтадым, жақсы оқуға талаптанғандым, нәтижесі алақандағыдай көрінді, өмірім мүлде басқа, жақсы арнаға бұрылды.

Джон Хэттидің айтқаны менің өмірімнен осылайша айқын көрініс тапты. Оқушының бастапқы білімі қандай болса да, ұстаз оған көмектесуге ниет білдірсе, сонда ғана жұмыс нәтижелі болмақ.

Джон Хэттиден мысал келтірдім ғой, бірақ тәрбие, білім туралы ұлт зиялылары, ойшылары көп нәрсе айтып кеткен ғой, соның бірі – Абайдың қара сөздерінде адамдық, білім алуға қатысты айтқан тұсы.

Абай әрбір ойы, сөзі арқылы адамды адамдыққа шақырады. Дұрыс жүруге, жақсы іс жасауға, ізгі ойларға тартады. Ақ пен қараның аражігін ажыратуға итермелейді. Абайдың негізгі ойы адамды жетілдіру болған, яғни кемел адамға, толық адамға жеткізу еді. Ыстық қайрат пен нұрлы ақыл, жылы жүрек арқылы сол адамдықтың шыңына шығуға болады деп есептеген.

Ендеше ұлт ұрпағын тәрбиелеу, ұлт құндылықтарына негізделген білім мазмұнын бойына сіңіру, баланы ынталандыру, алға жетелеу, бір шырақпен мың шырақты жағып, игі іс жасау – ұстаздық міндетіміз хәм қасиетті борышымыз. Педагог болуға да осындай ұлағатты ұстаздан тәлім алғанымыз әсері болды деп нық айта аламын және қолымнан келгенше оқушыларға, жастарға бағыт беріп, қолдауды өзіме зор мәртебе санаймын».

Бұл – астаналық педагог, білікті ұстаз, іскер ұйымдастырушы Құралай Байтажикованың ұстанымы, өмірлік тәжірибесінен алынған пайымдар.

Оқушыларды кәсіпкерлікке баулу, іскерлікке ынталандыру, бизнес-идеяларды жүзеге асыруға жол ашу – мектеп қабырғасынан-ақ бастау алатын мүмкіндіктер. Жастайынан іскер көшбасшы атануға ұмтылған жастардың тың жобаларын қолдау мақсатында жақында Астанада Enactus Kazakhstan National EXPO 2023 мектеп кәсіпкерлігінің IV республикалық чемпионаты аяқталып, тартысты сайыста топ жарған үздіктер анықталды. 70 мектеп командасы қатысқан додада озық ойлы жасөспірімдер бас қосқан Астана халықаралық мектебі чемпион атанды.

БИЗНЕС БАСТАУЫ – МЕКТЕПТЕ

Индира
БЕРЖАНОВА

Республикалық мектеп кәсіпкерлігі чемпионаты – Enactus халықаралық қауымдастығының бастамасымен өткізілетін жыл сайынғы байқау. Кәсіп бастаймын деген жастарды біріктіретін бірегей алаңға биыл еліміздің 17 өңірінен командалар қатысты. Чемпионатқа қатысушылар оқу жылы бойы әлеуметтік, экологиялық және инновациялық жобаларды ойластырып, шындымен жұмыс істеді. Олар екі күн аралығында түрлі тақырыптағы стартап жобаларды таныстырды. Әр жобаның басты мақсаты – еліміздегі өзекті мәселелерді шешуге атсалысу.

Жеңімпаз Астана халықаралық мектебінің оқушылары тың идеяны ұсынумен ерекшеленді. Мектептің «Revera Team» тобы бытыр да кәсіпкерлік чемпионатында жеңіс тұғырынан көрініп, жүзделі 2-орынды алған еді. Ал бұл жолғы чемпиондар – ISA Engineers тобы сайыста алғаш рет бақ сынады. Өткен жылдың қыркүйегінде құрылған топ додаға сегіз ай көлемінде қызу дайындалды. 10 және 11-сынып оқушыларынан құралған топта жеті адам бар. Әрқайсысының өз міндеті де айқындалған. Бағдарламалау, дизайн және маркетинг саласына маманданған оқушылар осы бастан-ақ IT-саласына үлкен қызығушылық танытуда.

ISA Engineers тобы чемпионатта екі жобаны ұсынды. Бұл туралы топ басшысы Мәулет Сейітов кеңірек айтып берді.

– Алғашқы жобамыз – «MinAvto». Бұл – көлік жүргізу кезінде жүргізушінің ұйықтап кетуіне жол көшбасшы, мықты маркетинг мектептен-ақ тәрбиеленіп шығады. Ең бастысы, ұсынған бизнес-жобалары қоғам игілігіне жұмсалды.



үнемі бақылауда ұстап отырады.

Екінші жоба – «Jurtmek». Ол жүрек соғысын есептеп, деректерді мобильді қосымшаға лезде жіберетін портативті ЭКГ. Құрылымы жасанды интеллект арқылы электрокардиограмма нәтижесін дерекқорға салады. Деректер негізінде қауіпті жағдай анықталса, бірден жедел жәрдем қызметіне қоңырау шалады. ЭКГ жобасын жасауда біз отандық және шетелдік ғалымдардың тәжірибесіне сүйене отырып, үлкен Data Set-ті (деректер жинағы) қолдандық.

Жобаларымыздың негізгі мақсаты – адам өмірін сақтап қалу. Яғни біз жаңа технологиялар арқылы жол апатының алдын алуға және өлім-жітім статистикасын азайтуға септескіміз келеді, – деді топ басшысы.

Ізденімпаз, амбицияға толы жас кәсіпкерлердің ендігі мақсаты – жобаларын көпшілікке таныстырып, нарыққа шығару.

«Біз екі жобаны толыққанды дайын өнім ретінде жасап, өзгерлерге ұсынғымыз келеді. Ешбір кемшіліксіз, қауіп-қатерсіз жұмыс істеуге дайын болғанда, нарыққа шығарамыз» деді оқушы.

Оқушылардың айтуынша, мектепте кәсіпкерлік негіздерін дамытуға арналған арнайы пән болмағанмен, «Экономика» пәні оқытылады. Сөздеріміз, бизнес-идеяларын жүзеге асыруда салалық пәннің берері көп болды.

Мектеп кәсіпкерлігі – кәсіптік бағдардың негізі әрі заман талабы. Бүгінде оқушылардың басым бөлігі кәсіп бастап, бизнес ашсам дейді. Ал бұл жолда кәсіпкерлік дағдыларын меңгерген жастар үлкен өмірге қадам басқанда, алдағы сын-кедергіге сақадай сай тұрады. Озық көшбасшы, мықты маркетинг мектептен-ақ тәрбиеленіп шығады. Ең бастысы, ұсынған бизнес-жобалары қоғам игілігіне жұмсалды.

БАҚША ИГЕРУ ҚАЗАҚҚА БӨТЕН ЕМЕС

Өндіріс ашып, кәсіпорын құрып, бизнес жасауға бәріннің мүмкіндігі жоқ. Несие алып, оның қайтарымы бар, босқа шашылғанша, жерімізге игеруге болатын бау-бақша өндірісін неге жолға қоймасқа?!

Бау-бақша егу – диқаншылық өзбек ағайындарда

атадан балаға беріліп келе жатқан жақсы дәстүр. Жақсы әдетін, берік дәстүрін өз-ағам осылайша жалғайды. Жеріміз кең, суымыз бар, жасайтын адамдарымыз және бар, неге бау-бақша егуді, диқаншылықты тек оңтүстікте емес, барлық өңірде қолданбақса?!

Астанада қыс ұзақ болғанмен, жері бау-бақшаға өте ыңғайлы, су келіп тұр. Қала іргесіндегі бау-бақша ұжымдарын (дача) ірі құрылыстар жүруіне орай ысырып жатыр. Өте өкінішті, әрине. Ол бір жағынан қала экологиясына жағымды әсер етсе, бір

жағынан тұрғындарды арзан, сапалы көкөніспен, жеміс-жидекпен қамтамасыз етер еді. Ал ауылдық жерлердегі тұрғындар техника мен жанар-жағармай болса болғаны, отбасындағы үйелмендер тайлы-тұяғы қалмай жер тырмаласа, аш қалмайды,

жұртты да көкөніспен, жеміс-жидекпен мол қамтиды, табысы көбейсе, арамызда бақуатты, берекелі жанұя көбейетіні айдан анық. Жердің тынысын тыңдап өскен халайық жұтамауы тиіс. Тіпті табысы асса, шетелге импорттауға да мүмкіндік

мол табылар еді. Өрік-мейіз бен жаңғақтарды өзбектерден ұдай бағаға алғанша, бақша өнімдерін егіп, үйреніп, өз елімізде неге шығармасқа?! Сұрақ көп, жауап жоқ. Сондай қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Қайнайды қаның, ашиды жаның... Амал жоқ!



КЕДЕЙ ЕЛДІҢ КЕЛЕШЕГІ БҰЛЫҢҒЫР

Газетіміздің №19 (4452) нөмірінде «Орта тап орта толтыра ма?» атты сараптамалық мақалада ел бойынша орта тапқа жататын адамдар 15 пайыз құрайтынын жаздық. Бұл – әлеуметтанушылар объективті критерийді есепке алып, яғни тұрақты табыс көзі, жылжымайтын мүлкі, бос уақытын қалай өткізетіні мен білім деңгейін саралағандағы көрсеткіш. Ал kurs.kz сайты елдегі бай адамдардың үлесі 12 пайыз екенін жазды. Сонда қалғанын қай топқа жатқызамыз? Экономикада бай, орта және кедей тап деп бөлінсе, онда соңғысына жататыны анық қой. Алайда ресми билік елдегі кедейлердің саны 15 пайыз құрайтынын дәйектейді.

Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

ӘЛЕМДЕГІ КЕДЕЙ ЕЛДЕР

Әлемде ішкерге ас таппай отырған тұрғындары бар кедей елдер бар. Ең кедей елдердің рейтингін Дүниежүзілік банктің материалы негізінде БҰҰ түзді. 2022 жылы бұл тізімге 47 мемлекет енді. Оның 34-і Африкаға, 12-сі Азия және Тынық мұхиты аймағына, 1-еуі Латын Америкаға жатады.

Кедейліктің критерийі күрделі формула арқылы есептеледі. Қарапайым тілде түсіндіргенде, елдің экономикалық осалдық индексі мен нақты өмір сүру сапасы есепке алынады. Сауаттылық деңгейі, қоғамдық денсаулық сақтау саласы, тағамның сапасы мен жалпы тамақтануы және тағы басқасы сарапталыады.

Ең кедей бес мемлекетті саралайтын болсақ, олар Африка құрлығына тиесілі. Нашар дамыған елдерді сорлатып отырған басты құбылыс – төңкеріс пен соғыс, жемқорлық пен көлеңкелі экономика. Мәселен, саяси дағдарыс, сыбайлас жемқорлық, азаматтық соғыстың кесірінен Конго әлі есін жинай алмауда. Болмаса бұл елде алмаз, тантал, кобальттың мол қоры бар.

БҰҰ кедейшілік шегін тәулігіне бір адамға 5 доллар (2300 теңге), ал айына 150 доллар (70 мың теңге) деп белгіледі. Халықаралық ұйымның есебінше, Оңтүстік Судан халқының 82 пайызының әлеуметтік жағдайы төмен. Бұдан кейінгі орында Бурунди – 79, Мадагаскарда – 76, Малавиде – 73, Сомалиде – 68, Мозамбикте 62 пайызды құрайды. Латын Америкадағы кедей елдің бірі – Гондураста бір адамның орташа табысы 278 доллар болса, Қазақстанда 152 долларды құрайды екен. Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, Қазақстан халқының 5,3 пайызы кедейлік шегінен төмен.

Бір қызығы, 1968 жылдан бері нашар дамыған елдер (LDC) тізіміндегі 47 мемлекеттен 8-і ғана шығыпты. Бұл қатарда Вьетнам және Мальдив Республикасын ерекше атау керек.

ХАЛЫҚ КЕДЕЙЛЕНІП БАРА МА?

Екі жыл бұрын Дүниежүзілік банк Қазақстанды табыс орта-

ша елдер қатарынан кедей елге ауыстыру мәселесін көтерген еді. Бұған біздің билік те, халық та келіспейтіні анық. Өйткені әлемде жер көлемі бойынша алғашқы ондыққа кіретін, ресурстық байлығы жеткілікті, ауыл шаруашылығы саласы қалыптасқан елді орынсыз төмендету дұрыс емес. Әр қазақ солай ойлайды. Алайда халықтың тұрмыс деңгейі төмендеп кеткені анық.

Сенат қабырғасында өткен Үкімет сағатында спикер Мәулен Әшімбаев 5 миллионға жуық адам, яғни еңбекке жарамды санаттың жартысы өнімділігі төмен еңбекте жүргенін сынады.

– Қазір халықтың жартысына барлық табыстың үштен бірі ғана тиесілі. Қазақстандықтардың шамамен 5 пайызының табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен аспайды. Өкінішке қарай, 12 өңірде бұл көрсеткіштің өсуі байқалады. Әсіресе Жамбыл, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау, Батыс Қазақстан, Түркістан облысын атау керек, – деді Сенат төрағасы.

Елде төменгі жалақы – 60 мың теңге алатын 1,8 миллион қазақстандық жыл басынан бастап 70 мың теңге алады. Credit Suisse Research Institute зерттеу орталығының мәліметінше, елде әлеуметтік статусы нақтыланбаған 2,7 миллион адам бар. Оның 1,2 миллионы бейресми жұмыспен қамтылса, 1,5 миллионы өзін-өзі жұмыспен қамтыды. Яғни экономикалық тұрғыда белсенді халық немесе жұмыс күші болып есептелетін 8 миллион 945 мың адамның 4,5 миллионнан астамы орта тапқа сәйкес келмейді. Оларды кедейдің қатарына қосуға болады. Өйткені ел азаматтарының 97,6 пайызы жылына 10 мың долларға жетпейтін табыс табады. 10-100 мың доллар табыс табатыны – 2,1 пайызды, 100 мыңнан 1 миллион долларға дейін кіріс кіретіні 0,3 пайызды құрайды. Бұл цифрлар шындыққа жақын. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атаған 162 монополист пен олардың жақын туған-туысы 0,3 пайызға жататыны тағы анық.

Қазақстан халық партиясы сайлауалды бағдарламасында азаматтардың 96,6 пайызы жылына 10 мың долларға жетпейтін қаржыға өмір сүретінін, тіпті олардың жартысынан астамы 1300 долларға күн көретінін, ал 0,001 пайызы ел байлығының басым бөлігіне иелік

ететінін мәлімдеп, кедейлікпен күресетінін көпшілікке жариялады.

2018 жылы 6,3 миллион адам кредит алса, соның 1,5 миллионы бірінші жартыжылдығында кредиттің уақытылы төлей алмаса, екінші деңгейлі банктерге жеке тұлғалардың қарызы 5,73 триллион теңгені құрады. 2022 жылы 7,5 миллион азамат банктер мен микроқаржы ұйымдарына 35,7 триллион теңге қарыз болды. 2023 жылғы 1 сәуірде кредит алушылардың саны 822 мың адамға өсті. Бұл туралы «Бірінші кредиттік бюро» ЖШС бас директоры Руслан Омаров мәлімдеді.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі отбасының цифрлық картасын ұсынып, өз жағдайын «қиын» деп санайтын отбасылар үлесі 15 пайыз құрайтынын көрсетті. Ресми статистика көрсеткендей, халықтың 5,1 пайызы күнкөріс деңгейінен төмен табыспен өмір сүреді. Қысқасы, халықтың басым көпшілігі кедейленіп, кредитке әбден шырмалып, азық-түлікті де кредитке алатын жағдайға жетті.

ДАМУДЫҢ ЖОЛЫ ҚАНДАЙ?

Экономист Меруерт Махмұтова Ұлттық қор келешек үшін жинаған қаржы екенін, бірақ билік бей-берекет жұмсап жатқанына қынжылып: «Жарайды, мұндағы ақша бүгінгінің күйіп тұрған көкейтесті мәселесіне бағытталса бір жөн, кешірімді. Ұлттық қордың қаражаты жекелеген банктер мен олардың қожайының «құтқаруға» жұмсалды. Осыдан кейін экономика қалай оңалады? Ол қалай аяқтан тұрады? Ол қалай әртараптанады? Ал халық ше? Өлместің күнін көріп жүр. Елдің бәрі белшеден қарыз. Қарыз қайтарумен өткен өмірде қайбір құндылық болсын?!» дейді.

Қоғам белсендісі Айша Құрманғалидың сөзінше, жұмыссыздардың санын анықтаудың нақты әдістемесі болмауынан халықтың

мемлекеттік органдарға сенімсіздігі бар. Жұмыспен қамту саласында адамдардың тұрмыс деңгейі мен әлеуетінің сапасын арттыруға бағытталған реформа керек. Бұл ретте әкімдер шешуші рөл атқарып, ал министрлік жаһандық процестерге ілесуі тиіс. Қазіргідей жұмыспен қамту қоғамдық жұмыс орындары есебімен емес, шикізат өндіретін тұрақты жұмыс орындарын құру маңызды.

2023 жылы сәуір айында елдегі экономикалық белсенді халықтың 77 пайызы банктерге қарызын уақытылы өтей алмай отыр. Елдің 1,5 миллион тұрғыны несие бойынша төлемді 90 және одан көп күнге кешіктіріп төледі. Бұл – ойлантатын күрделі мәселе.

Мәжіліс депутаты Данабек Исабеков ел экономикасын көтеруде екінші деңгейлі банктер кредиттің жылдық пайыз ставкасын төмендету керек екенін атады.

– Ұлттық банк белгілеген кредиттік жылдық пайыз мөлшері – 16,75. Әлемнің озық елдерін саралайтын болсақ, Кореяда – 3,5, Қытайда – 3,65, Германияда – 3,75, Англияда – 4,25, Канадада – 4,5, АҚШ-та 5,25 пайыз деңгейінде. Шетелдердегі қаржы институттары шағын және орта бизнестің дамуына мүдделілік танытып, бизнес-жобаларды көптеп қаржыландырады. Енді посткеңестік елдерге келетін болсақ, Өзбекстан Ұлттық банкі 14 пайыз мөлшерінде белгілес, Қырғызстанда – 13, Тәжікстанда – 10, Әзербайжанда 9 пайызды құрайды.

Шын мәнінде, пайыз мөлшерінің жоғары болуы нарықтағы тауарлар мен қызмет бағасының негізсіз өсуіне әсер етеді. Олай болса елдегі қымбатшылыққа екінші деңгейлі банктер де жауапты деген сөз. ВТБ банк пен «Bereke bank» АҚ жылдық пайыз ставкасы 21,5 пайызды құрайды. «Банк Центр Кредит» АҚ – 23,6, «Еуразиялық банк» АҚ – 23,7, «Kaspi bank» АҚ – 24,4, «Home credit bank» АҚ 28,5 пайыз көлемінде кредит береді. Бұған банктердің сақтандыру және тағы басқа міндетін қосу керек. Сонда тұтынушы кредитті 4-5 жылға рәсімдеген жағдайда, банкке қарызды екі-үш есе қосып қайтарады. Бұл деңгейіңіз халықты қанаумен тең ғой! – деді мәжілісмен Данабек Исабеков.

Бізге өнім өңдеу жағы кемшін, кластерлік шаруашылықтар ақсап тұр. Мәселен, ауылдағы ағайын қой бағады. Шіркін, қой берекелі түлік қой! Жыл өткен сайын саны артып, өрістің өрісін тарылта бастады. Оның жүні мен терісі кәдеге жарамай, далада өргенеді. Өзбекстан болса Hyundai, Kia, Toyota компаниясына былғары жабын тігетін JM компаниясына тері жеткізетін болды. Осындай жобалар біздің елде неге іске аспайды?

ҰЛТТЫҚ ҚОРДЫҢ ҚАРЫЗЫН ҚАЙТАРА МА?

Елдің барлық азаматына белгілі болғандай, 2017-2021 жылдары ҚР Үкіметі республика банкі секторына орасан зор қаржылық көмек көрсетті. Ол көмектің аты «сауықтыру» деп аталды. Естеріңізге салайын: триллион теңгемен өлшенетін бұл «сауықтыру» көмегі болашақ ұрпаққа деп белгіленген Ұлттық қордың есебінен берілді.

Біз банктерді «сауықтыруға» халықтың ортақ қазына қаржысын жұмсадық. Халық есебінен май-шелпекке батқан банктер: «Жусан банкпен» біріккен АТФ банк пен «Цеснабанк», «Халық банк», «Еуразиялық банк», «ЦентрКредит» банкі, «Нұрбанк» және «РБК банкі» («РБК» бізге түсінікті – оның 100 пайыз акциясы «Бәйтерек» арқылы Үкіметтің иелігінде).

Дегенмен 2017 жылдан бері тағы да банктердің бірін екіншісіне қосуға арналған уақытылы транзакция жасалып, нәтижесінде бір ықпалды топ бірнеше банкті толығымен «жұтып қойды». Мұның ақыры «Жусан банкке» байланысты әлемдік шырғалаңмен аяқталды. Дәлірек айтқанда, бұл жанжал әлі біткен жоқ, ел азаматтары мен Мәжіліс депутаттары болашақта бұл құйтырқының анық-қанығын анықтауы тиіс.

Депутат мырзалардың есіне салайын: егер Журналистердің халықаралық зерттеу консорциумы (ICJ) болмағанда, біз қазақ банкі шетелдіктер иеленіп кеткенін білмес те едік. Шетелдік қожайынның ешқайсысы ақша шығарып, «Жусан банкті» сатып алған жоқ. Тіпті «Жусан» «жұтып қойған» қазақстандық банктерді «сауықтыруға» бұл қожайындар көк тиын шығармады.

Енді, міне, менің сайлаушыларым Ұлттық қордың есебінен тойынған банктер өз акционерлеріне неге дивидендтер төлейді деген сұрақ қоюда. Есіңізде болса, өткен шақырылымдағы Мәжіліс депутаты Нұрво мырзаның белсенділігі мен табандылығының арқасында 2021 жылы «Жусан банк» дивиденд төлеуді тоқтатуға мәжбүр болған еді.

Бұл жағдайды тәптіштеп айтып отырған себебім – Ұлттық қордан миллиардтаған доллар көмек алған банктер халықтың қарызын қайтармай тұрып, неге дивиденд төлейді? Мәселен, алдағы маусым айында «Халық банкі» өз акционерлеріне дивиденд ретінде жарты миллиард долларға жуық ақша төлемек.

Сізге түсінікті болу үшін осы орайда ресми тараған ақпаратты орыс тілінде айтып берейін: «Народный Банк Казахстана» может направить на выплату дивидендов за 2022 год до 50% чистой прибыли за этот период, следует из материалов к годовому общему собранию акционеров, которое пройдет 25 мая 2023 года. Размер выплат составит 25,38 тенге за одну бумагу (около 277 млрд тенге из чистой прибыли 554 млрд тенге), – в два раза больше, чем дивиденды за 2021 год (138,64 млрд тенге).

Ұлттық қордың алдындағы қарызын қайтармаған «Халық банкінің» бұл 554 миллиард теңге «таза пайдасы» қайдан және қалай пайда болды? «Халық банк» және халықтың есебінен көмек алған басқа банктер Ұлттық қордың алдындағы қарызын халыққа қайтармай тұрып, дивиденд төлеу практикасын қалай түсінеміз? Өткен алты жылда және қай жылдары қай банк, оның ішінде «Халық банкі» бар, Ұлттық қордың қанша қарызын қайтарды?

Ермұрат БАПИ,
Мәжіліс депутаты



P.S: Жаңа Қазақстанға бағдар еткен елдің басты құндылығы – еңбек етуді дәріптеп, экспорт саясатын өзгертіп – шикізат түрінде емес, дайын өнім түрінде сатуды жолға қоюы керек. Бәрінен бұрын қаржы шығындарын жоспарлауды жан-жақты саралап, шағын және орта бизнесті өркендетуде бюрократия кедергілерін жойып, құрғақ санға емес, нақты жағдайды бағымдағаны маңызды. Дамыған елдердің қатарына қосылудың басқа жолы жоқ.

ЕЛОРДАНЫҢ 25 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ АСТАНА ТУРАЛЫ ҮЗДІК ӘНДЕРГЕ БАЙҚАУ ЖАРИЯЛАНАДЫ

Байқауға қатысуға барлық қазақстандық сазгерлер шақырылады. Байқауды Астана қаласының Ішкі саясат басқармасының қолдауымен «Elorda Aqparat» медиасеріктестігі (Қазақстан Композиторлар одағымен бірлесе) ұйымдастырады.

Конкурсқа Астана туралы мемлекеттік және орыс тілдерінде жарыққа шыққан әндер қабылданады.

Үздік әндерді белгілі сазгерлерден және елордадағы осы саланың құрметті өкілдерінен құралған конкурстық комиссия айқындайтын болады.

Ең үздік жұмыстар Астананың 25 жылдығына арналған ән жинағына енетін болады.

Өтінімдер 2023 жылдың 10 маусымына дейін мына электрондық пошта арқылы қабылданады: elordainfo23@gmail.com

Ұйымдастыру комитетінің байланыс телефоны: 8-778-143-06-11, 8-778-155-61-11 (WhatsApp).

ЕЛОРДАНЫҢ 25 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ АСТАНАҒА АРНАЛҒАН «ЕЛ ЖҮРЕГІ – АСТАНА» АТТЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҮЗДІК ӘНДЕР БАЙҚАУЫН ӨТКІЗУ ҚАҒИДАЛАРЫ

1-тарау. Жалпы ережелер

• Конкурс Астана қаласының 25 жылдығы мерейтойына арналып өткізіледі.

• Конкурс ұйымдастырушысы «Elorda Aqparat» ЖШС (бұдан әрі – конкурсты ұйымдастырушы) болып табылады.

2-тарау. Конкурстың мақсаты мен міндеттері

• Астана қаласын әнге қосу арқылы ел ішінде кеңінен насихаттау;
• Елорда туралы жаңа музыкалық шығармалардың жазылуына жол ашу;



• Өнер туындылары арқылы қазақстандық патриотизм мен ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
• Отандық авторларды қолдау;
• Елге, Астанаға патриоттық көзқарастар қалыптастыратын мәдени өнімдер жасау.

3-тарау. Конкурстың өткізілу тәртібі

• Конкурс 2023 жылғы 22 мамырдан бастап 10 маусымға дейін өткізіледі.
• Конкурсқа туынды авторлары (бұдан әрі – қатысушылар) қатысады, жас ерекшеліктеріне шектеу жоқ.
• Конкурс нәтижесінде қазылар алқасының оң бағасына ие болған шығармалар Астананың 25 жылдығына орай жарық көретін «Ел жүрегі – Астана» атты ән жинағына енгізіледі.
• Конкурсқа ұсынған туындылар рецензияланбайды және қайтарылмайды.
• Конкурсқа қатысу үшін қатысушылар 2023 жылғы 22 мамырдан бастап

10 маусымға дейін осы қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес мынадай құжаттар мен материалдарды қосымша бере отырып, өтінім жолдайды:

1) PDF форматында жеке тұлғаны куәландыратын құжаттың көшірмесі;
2) шығармашылық өмірбаяны.
Сондай-ақ, қатысушы туынды бойынша өтінімге қосымша мынадай құжаттарды ұсынады:

• туындының MP3 форматындағы аудиожазбасы;
• партитура және клавиір («Finale» немесе «Sibelius» ноталық редакторлар немесе JPEG немесе PDF форматындағы басқа ноталық редакторлар форматында);
• Өтінімдер elordainfo23@gmail.com электронды поштасына жолданады.

Сұрақтар бойынша үйлестіруші телефондары: 8-778-143-06-11; 8-778-155-61-11.

4-тарау. Ұйымдастыру комитеті

Конкурсты ұйымдастыру және өткізу үшін елорданың 25 жылдығына

орай Астанаға арналған «Ел жүрегі – Астана» атты үздік әндер конкурсын өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі – ұйымдастыру комитеті) құрылады.

• Конкурсты жан-жақты ақпараттандыру мақсатында ұйымдастыру комитеті бұқаралық ақпарат құралдарына хабарландырулар мен хабарламалар ұсынады және қағидалар «Elorda Aqparat» ЖШС-ке қарасты «Astana aqshamy», «Вечерняя Астана» газеттері мен олардың сайттарында және «elorda.info» желілік басылымында жарияланады.

5-тарау. Конкурстың қазылар алқасы

• Туындыларды бағалау, сондай-ақ, байқау қорытындысы туралы шешімдер қабылдау үшін қазылар алқасы құрылады.

Қазылар алқасы:
• Байқау қорытындысы бойынша жарық көретін ән жинағына енетін туындыларды анықтайды.

• Қазылар алқасының құрамы, оның төрағасын қоса алғанда, 5 адамнан құралады.

• Қазылар алқасының шешімі көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тең бөлінген жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

• Қазылар алқасының шешімі төраға мен қазылар алқасының барлық қатысқан мүшелері қол қоятын хаттамамен ресімделеді.

7-тарау. Қорытынды ережелер

• Осы қағидаларда қарастырылмаған барлық мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі және шешіледі.

Республикалық «Ел жүрегі – Астана» атты жаңа өнер туындыларына арналған конкурсты өткізу қағидаларына 1-қосымша нысан

Республикалық «Ел жүрегі – Астана» атты жаңа өнер туындыларына арналған конкурстың қатысуға өтінім

Тері, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	
Туған күні	
Қатысушы туралы қосымша ақпарат (жұмыс, оқу орны және т. б.)	
Конкурстың туындының атауы	
Байланыс анықтамалары: мекенжайы, телефоны, e-mail	

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТУЫНДЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ



Ұлттық академиялық кітапханада жазушы-драматург Нұрайна Сәтбаеваның балалар мен жасөспірімдерге арналған «Әлканың күміс тұмары» кітабын қазақшалаған аудармашы Рымбала Смайыловамен кездесу, аталған туындының таныстырылымы өтті.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Бұл кітап былтыр Балалар жылының аясында жарық көрді. Аудармашының айтуынша, кітап балаларға арналғанмен, ересектерді де қызықтырады. Себебі туынды тартымды тілмен

танымдық сипатта жазылған. Оны оқу арқылы Қызыл кітапқа енген жануарлар әлемі, құстар мен сирек кездесетін өсімдіктер жайлы біраз мәлімет алуға болады. Жалпы кітап Каспий жағалауындағы флора мен фаунаны таныстырады. Тағы бір артықшылығы, шығарма ұлттық


танымға негізделген. Онда ата мен немеренің қарым-қатынасы, төрт түлік сияқты қазаққа қастерлі ұғымдар қамтылған.

Билингва, яғни түпнұсқасы мен аудармасы қатар берілген кітапта Әлка есімді Ақтауда тұратын баланың бастан кешкені баяндалады. Оған атасы әулеттің қасиетті мұрасы – күміс тұмарды сыйлайды. Содан бала жануарлар мен құстардың тілін ұғып, бойына сиқырлы қасиет бітеді. Сол арқылы қиын жағдайға тап болғандарға көмектеседі. Жалпы бұл экологиялық туынды десек те болады. Табиғатты қорғап, аялауға шақыратын кітаптың оқырманға берері мол.

Кітап аудармашысы туралы айтатын болсақ, Рымбала Смайылова Қарағанды қаласында тұрады. Мамандығы полиграфист оның әдеби аудармаға келуіне жұбайы, жазушы-публицист, аудармашы Марал Хасеннің ықпалы көп болды. Марал Сағынтайұлының өзі жиырмаға тарта Нобель сыйлығы лауреаттарының туындыларын, басқа да елге танымал авторлардың шығармаларын қазақшалады. 2016 жылы дүниеден озды. Жары Рымбала Кенжебайқызы содан

бері қаламгер мұрасын үздіксіз насихаттап келе жатыр. Бірнеше естелік кітап, жазушының жазғанын жинақтап, жеті томдық шығарды. Ұлттық академиялық кітапханада бұрышын, Ұлытау облысы Жаңаарқа ауданында қаламгер оқыған мектепте оның атындағы кабинеттің ашылуына мұрындық болды.

Рымбала Смайылова жары аударуды бастап, тәржімалап үлгермеген кейбір туындыларды аяқтады. Сондай шығармалардың қатарында Светлана Алексиевичтің «Мырышқа айналған қыршындар», Элис Монроның «Шат-шадыман көлеңкелердің биі» кітаптары бар. Рымбала Кенжебайқызының соңғы аударған туындысының бірі – Гарри Грейдің «Бір кездері Америкада» кітабы. Жасы сексенге таяған аудармашының еңбекқорлығына танданбасқа шара жоқ. Қазір Теміртау қаласындағы «Магнитка» атты ардагерлер ансамблінде де ән салады. Композитор Құралай Шәймерденова жетекшілік ететін осы ансамбль мүшелері Астанаға аудармашының шашбауын көтере келіп, ыстық лебізін жеткізді. Оқырмандарға әннен шашу шашты.



ЖЫРАУЛЫҚ ДӘСТҮРДІҢ ЖАЛҒАСЫ

Ұлттық академиялық кітапханада белгілі жыршы-термеші, ұстаз, өнертану ғылымдарының кандидаты, өнертану профессоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Елмұра Жаңабергеннің «Арал-Қазалы өңіріндегі жыраулық дәстүр» ғылыми монографиясының таныстырылымы өтті. Рухани шара Қазақ ұлттық өнер университетінде ұйымдастырылған «Ұстаз тағылымы» концертіне ұласты.

«Бұл еңбектің әлі де зерттеліп, ізденісі жалғасуда. Алдағы уақытта жалғасы бар. Арал мен Қазалы өңіріндегі жыраулық дәстүр – ертеден келе жатқан тың дүние. Зерттеп жазғандар да көп емес. Ерекше еңбек етіп, маңдай терін төккен ғалым-зерттеушілер Берік Жүсіпов, Әбдісағаттар Оспанов, Тәңірберген Дәрменов, Тоғжан Төлепберген, Аманжол Сақыпұлы және тағы басқалар. Жырау, жыршылар қоғамның өзгеруіне орай кейде әлсіреп, кейде тұншықтырып, тіпті санадан сылып тастауға дейін тырысқан небір тарихи, саяси оқиғаларға төтеп берді. Жырау – ел мен ханның

арасындағы дәнекер болған ұлы тулға. Жыраулар академиясы дала заңында қаншама жылдар бойы жалғасуда» дейді монография авторы өз еңбегі жайында. Ал концерт жыршы-термеші шығармашылығының 35 жылдық ғалым-зерттеушілер Берік Жүсіпов, Әбдісағаттар Оспанов, Тәңірберген Дәрменов, Тоғжан Төлепберген, Аманжол Сақыпұлы мен әріптестері өнер көрсетті. Атап айтқанда, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Сәуле Жанпейісова, Ардақ Балажанова, Гүлмира Сарина, Клара Төленбаева, т. б. күміс көмей, жез таңдай өнерпаздар жиналған көрерменнің жан сарайын ашты.

ӨНЕРЛІ ЖҰПТАР ЖАРЫСТЫ

Елордада Халықаралық отбасы күні мен Мәдениет және өнер қызметкерлері күніне орай республикалық бағыттағы мәдени ошақтар мен Астана қаласы Мәдениет басқармасына қарасты мекеме қызметкерлері арасында «Жұбымен бірге» атты өнерлі отбасылардың спорт жарысы өтті.

Сайысқа жеті өнер ордасынан жұптар қатысты. Бұл Қ.Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық-драма театры, Е.Рахматиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармония, Музыкалық жас көрермен театры, Астаналық цирк, «Наз» мемлекеттік би театры, Астана қаласы орталықтандырылған кітапханалар жүйесі және Ә.Мәмбетов атындағы Мемлекеттік драма және

комедия театрындағы жұптар. Қорытындысында Ә.Мәмбетов атындағы Мемлекеттік драма және комедия театры – Нұржігіт Мүсілімов-Айдана Құрашева 3-орын, Астаналық цирк – Наталья Румянцева-Габиден Еркінбек 2-орын, Қ.Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық-драма театры – Олжас Ибраев-Жұлдыз Ибраева бірінші орынды иеленді.





АЙГҮЛДІҢ «АЙНАМКӨЗІ»

Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармония сахнасында белгілі әнші, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Айгүл Қосанованың «Айнамкөз» атты концертті өтті.

Ширек ғасырдан астам уақыт ән әлемінің шырайын кіргізіп жүрген әнші талай байқауда топ жарды. Шығармашылықтағы жетістіктері де айтуға тұрарлық. «Жасынан топтан асып» (Иманжүсіп), «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты атанды. Түркия, Австрия, Украина, Ұлыбритания, Франция, Германия, АҚШ, Израиль, Малайзия, Ресей, Қытай, Моңғолия, басқа да шетелде қазақ өнерін дәріптеді. Әншінің репертуарында ұлттық музыканың бай мұрасы қамтылған. Өзі туған Маңғыстау даласының мақамдары, Батыс Қазақстан ән мектебінің жауһарлары, қазақтың халық әндері мен халық композиторларының туындылары, қазіргі композиторлардың шығармалары – бәрін де орындайды.

Халық Айгүл Қосанованы дәстүрлі әнші ретінде таныды. Кейіннен эстрада әндерін шырқаса да, әлдебір әнші сияқты түбегейлі осы жолға бет бұрмады, ұлттық өнерге адалдығын танытып келе жатыр. Осы кеште де, негізінен,

ұлттық мұрамыз саналатын туындыларды шырқады. Атап айтқанда, «Саған халқым-ай», «Көзіңнің мөлдірін-ай», «Илигай» сынды халық әндерімен қоса, «Айнамкөз», «Сыпыра жыраудың термесі», «Әнші дауысы», «Сайра, бұлбұл», «Ләйлім шырақ» секілді халық композиторларының інжу-маржан әндерін орындады. Көрермен әншінің орындауында Нұрғиса Тілендиев, Әсет Бейсеуов, Илья Жақанов, Теміржан Базарбаев сынды көрнекті композиторлардың, Шәмші Қалдаяқовтың әндерінен попури айтты.

Әншінің жеке концертінде астаналық филармонияның қазақ оркестрі, «Шалқыма» халық би ансамблі, «Алем» заманауи би балеті, «Сарыарқа» фольклорлық ансамблі мен филармонияның дәстүрлі әншілері Тельман Нұркенов, Берік Омаров, өнердегі әріптестері Ерболат Шалдыбеков, Гүлмира Сарина, Ардақ Балажанова, Клара Төленбаева, Сержан Мұсайын, Дәуренбек Әркенов өнер көрсетті.

Дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

ӘРТИСТЕРДІҢ ШЕБЕРЛІК САБАҒЫ

Мәдениет және өнер қызметкерлері күніне орай Қ.Қуанышбаев атындағы мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық-драма театрында «Мәдениет. Театр тынысы» атты шеберлік сағаты өтті.

Райхан
РАХМЕТОВА

Өнер саласы мамандарының кәсіби біліктілігін арттыруды көздеген іс-шараға Астана, Алматы, Шымкент, Орал, Петропавл, Қостанай қалаларының театр әртістері мен қызметкерлері қатысты. Шеберлік сағаты «актерлік шеберлік», «режиссура», «грим», «хор», «хореография» жанрлары бойынша ұйымдастырылды. «Актерлік шеберлік» бөлімін театр және кино майталманы, Қазақстанның Халық әртісі, профессор Тілектес Мейрамов, «режиссура» бойынша Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, режиссер Нұрлан Жұманиязов, «грим» бөлімін гример, мәдениет саласының үздігі Ләйла Сқақова, «хор» бойынша хормейстер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Амантай Жұмашев, «хореография» бөлімін балетмейстер, мәдениет саласының үздігі Салтанат Сұңғат жүргізді. Бұл сабақтарда өз ісінің майталмандары сол салаларды жетік меңгеру әдістері мен ерекшеліктерін іс жүзінде көрсетіп, түсіндірді. Мәселен, хор жанрында А.Жұмашев сахнада театр актерлерінің қатысуымен қазақтың белгілі әндерін орындатқыза отырып, басқа хор ансамбльдері мен театр актерлерінің хорындағы айырмашылықтарды атап өтті.

– Актердің қабілеті де, шеберлігі де зор



болуы мүмкін, алайда ол әннен әлсіздеу болса ұтылады. Себебі театрда «Қыз Жібек» сияқты қазақтың және басқа да Еуропаның классикалық қойылымдарын сахналаған кезде актер өзінің партиясын орындай алмаса, бұл – ол үшін олқылық. Бүгін шеберлік сағатына қатысқан өнер колледжінің студенттері мен мектеп оқушыларына болашақта актер боламын десе, қазірден бастап актерлікпен қатар әнді де қосымша

өнер ретінде дамытқаны жөн деп кеңес береміз, – деді белгілі хормейстер.

Соңында шеберлік сағатына қатысушылардың бәрі арнайы сертификатқа ие болды. Мереке аясында өткен салтанатты жиында Мәдениет және спорт вице-министрі Нұрғиса Дәуешов бірқатар сала қызметкерлерін «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен және аталған ведомство министрінің құрмет грамотасы, алғыс хатымен марапаттады.

ӨР АЛТАЙ ӘУЕНДЕРІ

Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның «Сарыарқа» халық музыкасы ансамблі «Өр Алтай» концерттік бағдарламасын ұсынды. Концерт ҚР Ұлттық әскери-патриоттық орталығының сахнасында өтті.



Көрнекті қаламгер, этнограф-ғалым Ақселеу Сейдімбек Алтай-Тарбағатай әндерін «қоңыр әндер» деп атады. Оларды қазақ ән өнерінің бес негізгі мектебіне жатқызып, осы әндердің табиғаты мен тарихына ғылыми талдау жасады. Алтай мен Тарбағатай әндерін қазақтың ең көне мұрасы деп тануға болады.

«Сарыарқа» ансамблі концертте Қайрақбайдың «Өрелі кер» және «Телқоңыр», Байжігіттің «Көксерке», Ғабдылхақ Барлықовтың «Сағыныш сазы», Тоғжан Жахиннің «Балалар мекені – Алтай», Мұқаш Таңғыттың «Көгалда», Ержан Тоқсановтың «Өр Алтай» шығармаларын орындады.

Ансамбльмен бірге сахнада филармонияның «халық әні» бөлімінің әншілері Жақсыгелді Маясаров, Секен Сыздық, Данияр Мұқан, Нұрай Танабаев, Зинат Қасымова, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Айгүл Қосанова, Гүлзира Бөкейхан, Гүлмира Сарина өнер көрсетті. Олар «Жорғатай», «Өр Алтай», «Айхай жалған», «Көзіңнің мөлдірін-ай», «Ақ көйлек», «Ағажай Алтай», «Гүлдарига» халық әндерін шырқады.

Концертке Мейрам Айтмағанбетов, Ержан Тоқсанов, Шығыс Махан Алтай-Тарбағатай музыкалық дәстүрінің інжу-маржандарын ұсынды. Шақырылған әртістер – күйшілер Қайрат Айтбаев, Марат Нүкеев және Ақжусан Иманғазықызы Алтай-Тарбағатай мектебінің шығармаларын шертті.

ЕКІ МЫҢ МАРАФОНШЫ ЖҮГІРДІ

Өткен жексенбі күні таңертең 7-ден басталған іс-шараның ашылу салтанатына Астана қаласы әкімінің орынбасары Ерлан Бекмурзаев қатысып, марафоншыларға сәттілік тіледі. Иә, бұл күні ерте тұрған елордалықтар таңертеңнен қала көшелерінде жүгірген әуесқой спортшыларға қолдау білдіріп, олардың ерік-жігеріне қол соқты.

Astana Half және Astana Marathon – қайырымдылық акцияларының тұрақты қатысушысы. Бірнеше жылдан бері қаражаттың бір бөлігі Қазақстандағы бала мен сәби өлімі және мүгедектігін азайтуға бағытталған Ауала қайырымдылық қорының жобаларына бағытталуда. Биыл қор

арқылы Қазақстанның балалар ауруханаларын өмірлік маңызды жабдықпен жарақтандыру жөніндегі «Өмірден ләззат алайық» жобасын қолдауда.

21,1 шақырым қашықтықта ерлер арасында 1 сағат 9 минут 51 секундта мәреге жеткен Әлімжан Балтабек үздік болса, әйелдер арасында 1 сағат 11 минут 57 секундта бағындырған Гүлжанат Жанатбек дарланды. Ал 5 шақырымда ерлер арасында Алексей Гусаров (00:15:04), әйелдер арасында Ева Пинчук (00:17:45) бағы үстем болды.

Марафонда жас санаты бойынша да мықтылар анықталды. 18-39 жас аралығында жүгірген ерлер арасында алматылық Сұлтан Айғаров, әйелдер арасында

петропавлдық Айгүл Аржаникова бірінші орын алды.

40-44 жас санатында Александр Беспалов пен Лена Склярова, 45-49 жастағы марафоншылар арасында Александр Мишанов, теміртаулық Инна Вишнякова ерлер және әйелдер арасында жүйрік екенін көрсетті. 50-54 жас аралығында Василий Пивнев, 55-59 жас аралығында Қанат Сүгірбаев пен Маргарет Фриц, 60-64 жас санатында Ғалиолла Ысқақов, 65-69 жас санатында Қайыржан Молдыбаев, 75-79 жас аралығында Амелыульсин Мұсылманова мәреге бірінші жетті.

Айта кететіні, 60-64 жастағы марафоншылар арасында Нидерландыдан келген Андре Карстенс жүлдегерлер қатарынан көрінді.

Astana Half-2023 жартылай марафонына Ұлыбритания, АҚШ, Польша, Ресей, Украина және еліміздің өңір-өңірінен 16 жастан 75 жасқа дейінгі 2000-ға жуық қатысушы қатысты. Желаяқтар 21,1 және 5 шақырым қашықтыққа жүгірді.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор –
Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор –
Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың
орынбасары –
Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды
сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қағталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №60

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы,
Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі:
тел./факс: +7 (7172) 42-43-81
Тілшілер бөлімі: 42-41-03
Жарнама: 42-43-52
Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ